

**8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау
(6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі) бағыты бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Жанадилова Қарашаш
Базаровнаның «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін
дамыту» тақырыбындағы диссертациясына
РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>Нормативтік құжаттарға, іргелі ғылыми еңбектерге талдау барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамыту мәселесін жетілдіруді қажет ететіндігін көрсеткен. Жоғарыда көрсетілген мәселенің өзектілігі келесі құжаттарда көрініс тапты, атап айтсақ: Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» жолдауы; «Халық бірлігі және жүйелі реформалар - ел өркендеуінің берік негізі» Жолдауында «Жоғары оқу орындары мамандарының сапалы даярлануына жауап беруге міндетті, өйткені мамандықты жиі өзгерте білу және жаңа кәсіптерді игере алу арқылы ғана болашақ маманның бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ете аламыз» деген болатын.</p> <p>Жоғары оқу орнын бітіруші педагогтердің даярлық деңгейіне қойылатын талаптарда қоғамымыздың жаңа әлеуметтік тапсырыстары жоғары оқу орнын бітіруші болашақ педагогтердің бойында бүгінгі заманға сай жаңа әрекет пен идеялардың жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін дағдылар, яғни субъектілердің бойында өзіндік ерекшелігімен танылатын маңызды дағдыларды қалыптастыру мәселесі қарастырылады. Бұл өз кезегінде болашақ маманның</p>

		<p>метақұзыреттілігін дамыту мәселесінің өзектілігін арттырады. Білім негізі бастауыштан қаланатынын ескерсек, болашақ бастауыш сынып педагогтерін кәсіби тұрғыда даярлауда құзыреттіліктердің болуы аса маңызды. Жоғарыда айтылған білім берудің заңнамалық құжаттары мен оқу құралдарында сай беріліп отырған міндеттер мен бағыттар «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамыту» тақырыбының өзектілігі мен өміршендігін аша түседі. Сондықтан Қ.Б.Жанадилованың диссертациялық тақырыбының өзектілігі жоғарыда көрсетілген мәселелермен және білім мен ғылымды дамытудағы мемлекеттік бағдарламалармен тығыз байланыстылығын танытады.</p>	
		<p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) <u>Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</u></p>	<p>Қ.Б.Жанадилованың диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс 8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау (6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі) бағыты бойынша ұсынылған.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.</p>	<p>Диссертациялық зерттеу жұмысы барысында алған ғылыми-практикалық жетістіктер ЖОО-ның педагогикасының дамуына елеулі үлес қосып, білім беру жүйесіндегі өзектілігі мен маңыздылығын нақтылай түскен.</p> <p>1) Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау арқылы ғылымға елеулі үлес қосады және оның маңыздылығы ашылған;</p> <p>2) Зерттеу мәселесіне байланысты ғылыми еңбектерді талдай келе, «метақұзыреттілік»</p>

			<p>ұғымы, «болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамыту» түсінігінің нақтылануы арқылы елеулі үлесін қосады және маңыздылығы ашылған;</p> <p>3) Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін дайындауда түзілген компоненттері мен өлшемдері, көрсеткіштері, жоғары, орта, төмен деңгейлерінің анықталуы ғылымға елеулі үлесін қосады және оның маңыздылығы ашылған;</p> <p>4) Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытудың әлеуеті мен әдістемесі елеулі үлесін қосады және маңыздылығы ашылған;</p> <p>5) Болашақ болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытудың әдістемелік жүйесі жасалуы және оның тиімділігін тәжірибелік эксперимент жүзінде көрсету арқылы ғылымға елеулі үлесін қосады және маңыздылығы ашылған.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған 	<p>Докторант Қ.Б. Жанадилова диссертациялық жұмысты жазуда өзі жазу принципін ұстанған. Автор диссертацияны жазу барысында ғылыми мәлімет беруді көздеген. Барлық талданған ақпараттар дербес, әрі түсінікті, мағыналы құрылымды сақтай келе, өзара үйлесіп, автордың диссертацияны жазудағы жеке ғылыми стилінің жоғары деңгейде екендігін көрсете білген.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. 	<p>Диссертация өзектілігінің негіздемесі қазіргі қоғам сұранысының талаптарына сай:</p> <ul style="list-style-type: none"> - болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытуға деген қоғамдық сұраныс пен бұл мәселенің практикада жүзеге асырылмауы арасында; - болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытудың қажеттілігі мен олардың теориялық, әдіснамалық негіздерінің зерттелуі арасында; - болашақ бастауыш сынып

		<p>мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытуды жоғары оқу орнының оқу үдерісіне ендіру қажеттігі мен оны жүзеге асыру әдістемесінің жасалмағандығы арасында қарама-қайшылықтарды шешуге, зерттеудің ғылыми ізденістегі бағытын айқындап, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін, әдістемесін жасау мәселесіне негізделген.</p>	<p>мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытуды жоғары оқу орнының оқу үдерісіне ендіру қажеттігі мен оны жүзеге асыру әдістемесінің жасалмағандығы арасында қарама-қайшылықтарды шешуге, зерттеудің ғылыми ізденістегі бағытын айқындап, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін, әдістемесін жасау мәселесіне негізделген.</p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды</p>		<p>Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын толық көлемде айқындайды. Диссертация мазмұны кіріспеден, үш бөлімнен, әр бөлім 3 тараушадан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады. Диссертация мазмұны зерттеудің ғылыми болжамы мен жетекші идеясы бойынша диссертация тақырыбын айқындайды.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>		<p>Зерттеу жұмысының қойылған мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Зерттеу міндеттері жұмыстың мақсатын нақтылай келе, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытуды әдіснамалық-теориялық негіздерін айқындауымен, «Метақұзыреттілік» ұғымы мен «болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігі» түсінігінің мәнін нақтылау және құрылымын анықтауымен, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеуімен, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытудың әдістемесін дайындап, оның тиімділігін тәжірибелік эксперименттік жолмен сынақтан өткізіп, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беруімен сәйкес келеді.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан;</p>		<p>Диссертациялық жұмыстың барлық тараулары мен бөлімдері, яғни жалпы құрылымы мен қол жеткізген ғылыми нәтижелерінің ішкі</p>

		<p>2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	<p>бірлігі логикалық тұрғыда толық байланысқан. Бұл ретте диссертациялық жұмыстың ғылыми-тәжірибелік нәтижелері тұжырымдық тұтастығымен, зерттеудің негізгі қорытындыларының қисынды бірлігімен сипатталады. Зерттеу нәтижелері ғылыми болжамның дұрыстығын дәлелдеп, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін шешуге арналып, толық байланысқан.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u>; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Зерттеу барысында «метақұзыреттілік» және «болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамыту» түсініктері ғылыми тұрғыда негізделген және нақтыланған; болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытудың құрылымдық моделі дайындалған; болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің дамытудың әдістемелік жүйесі дайындалып, оның кешендік сипаты оқу-тәрбие үдерісіндегі жаңаша үлгіге сүйене отырып құрастырылған, тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жұмыстары арқылы тексеруден өткен, сыни талдау бар және бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып баға берілген.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Докторант К.Б.Жанадилованың диссертациялық жұмысының ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа болып табылады.</p> <p>Бірінші ғылыми нәтижеге жету үшін диссертант зерттеу мәселесіне қатысты философиялық, психологиялық, педагогикалық және ғылыми-әдістемелік еңбектердегі ғылыми дерек көздерін тауып, оларды зерделей білген. Категориялық түйінді ойларды сараптамалық талдауы – бірінші нәтиженің толығымен жаңа болып табылатынына дәлел.</p> <p>Екінші ғылыми нәтижеге жету «метақұзыреттілік», «болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамыту»</p>

		<p>ұғымдары мен түсініктерінің мазмұны байытылып, нақтылауы – екінші нәтиженің толығымен жаңа екендігін көрсетеді.</p> <p>Үшінші ғылыми нәтижеге жетуде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделінің жасалуы – үшінші нәтиженің толығымен жаңа болуын дәлелдейді.</p> <p>Төртінші ғылыми нәтиже ретінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытудың әдістемесі жасалынып, оның тәжірибеге енгізілуін толығымен жаңа деп санаймыз.</p>	
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңаболыптабылады)</p>	<p>Қ.Б.Жанадилованың диссертациялық жұмысының қорытындылары ғылыми-теориялық негізде дәлелденуімен, зерттеудің ғылыми аппаратына мазмұнының сәйкестігімен, зерттеуде қолданылған әдіс-тәсілдердің тиімділігімен, эксперимент жұмысының жүйелі жоспарлануымен, сандық және сапалық көрсеткіштердің дәлелдігімен толығымен жаңа болып саналады. Диссертацияның қорытындылары деп келесілерді айтамыз:</p> <p>1. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытуды педагогикалық-психологиялық тұрғыдан зерттеу оған берілген анықтамалар мен тұжырымдарды жүйелеу, жан-жақты сипаттама беру және зерттеу пәнінің сәйкестігімен анықталуы, сондай-ақ әдіснамалық тұғырлардың басшылыққа алынуы толығымен жаңа.</p> <p>2. «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамыту – өзінің кәсіби іскерлігіне әлеуметтік жауапты болашақ мұғалімнің рухани-адамгершілік тұлғасының кемелденуіне мүмкіндік жасайтынын, пәндік, ақпараттық, коммуникативтік, функционалдық сауаттылық тәжірибесі жинақталатынын, өзінің танымдық</p>

		<p>әрекетін талдау, басқара білу, жаңа жағдайларға бейімделу қабілеттері дамитын біртұтас үдеріс» деп нақтылануы толығымен жаңа.</p> <p>3. Мотивациялық-мазмұндық, танымдық-білімдік, іс-әрекеттік-процессуалдық, рефлексиялық-бағалаушылық компоненттерден тұратын құрылымдық-мазмұндық модельдің дайындалуы толығымен жаңа.</p> <p>4. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытуды қамтамасыз ететін әдістемелік жүйе: оқу үдерісінде студенттердің субъектілік орнын қамтамасыз ету; студенттерді дербес танымдық қызметтерге белсенді қатыстыру; оң метақұзыреттілік даму ортасы мен психологиялық климатын құру; метақұзыреттілікті дамытудың әдістерін, формаларын, технологияларын белсенді қолдану жүзеге асырылуы толығымен жаңа.</p>	
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Докторанттың ұсынған болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытуды теориялық-әдіснамалық негіздері жана және негізделген болып табылады. Диссертациялық жұмысты орындау барысындағы алынған тұжырымдар, дайындалған әдістемені ендіру актілері және тәжірибелік- эксперименттік жұмыс нәтижелерінің дұрыс ұйымдастырылуы мен жүргізілуі ғылыми жарияланымдармен негізделген.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Диссертациялық зерттеудің нәтижесінде алынған қорытындылар педагогика және бастауыш білім берудегі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда дербес пәндерді оқыту әдістемелері үшін теориялық және практикалық жағынан құнды материал болып табылады. Зерттеу жұмысында келтірілген теориялық тұжырымдар, әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдар, қорытындылар, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар ЖОО-да, педагогикалық колледждер мен</p>

			біліктілікті арттыру жүйесінде пайдалануға болады.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Докторант К.Б.Жанадилованың диссертациялық жұмысы бойынша қорғауға ұсынылған төрт қағидатты айтуға болады: 1). «Метақұзыреттілік», «Бастауыш сынып мұғалімінің метқұзыреттілігі», ұғымдарының мәні мен «болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамыту» түсінігінің нақтылығы дәлелденген, тривиалды емес, зерттеу пәні туралы жаңа білімді ұсынады, алдағы уақытта қолданылу ауқымы кең және «Бастауыш білім педагогтерінің әлеуметтенуі мен метақұзыреттілігін қалыптастыру. (Шоқан оқулары - 23» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары 26 сәуір. – Көкшетау, 2019.- 13-17 б.) атты мақаласында көрініс тапқан.</p> <p>2) Бастауыш сынып педагогтерінің метақұзыреттілігін қалыптастырудағы оқытудың жаңа тәсілдерін қолдану ерекшеліктері дәлелденген және бастауыш сынып педагогтерінің метақұзыреттілігін дамытудың әлеуеті, олардың әдістемесі жайлы жаңа білімді ұсынады, алдағы уақытта қолданылу ауқымы кең және Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Хабаршы «Педагогика ғылымдары» сериясы, № 3(83), 2020. 158- 167б және The question of integration of competence and meta-competence of primary school teacher. (ONLINE) AD ALTA Is a peer-reviewed journal of international scope. 2 issues per volume and special issues. The authors (june, 2019). мақалаларында көрініс тапқан.</p> <p>3) Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі дәлелденген және негізделген, тривиалды емес, білім алушылардың метатанымдық</p>

			<p>нәтижелерін қалыптастыруда қолданылу деңгейі кең, «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытудың әдіснамалық тұғырлары» («Қазақстанның ғылымы мен өмірі», Алматы, 2020, №12/2. – 112-119 беттер) мақаласында дәлелденген.</p> <p>4) Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытудың әдістемелік жүйесі жасалып, «Дағдылар кешені» оқу-әдістемелік кешені арқылы дәлелденген және негізделген, тривиалды емес, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда қолданылу аясы кең, (Developing metacompetence in future primary schoolteachers. Journal of Educational Sciences, 17 (1), 294–305. https://doi.org/10.18844/cjes.v17i1.6709) мақаласында дәлелденген. Зерттеу нәтижелері автордың 6 жарияланымдарында көрініс тапқан. Scopus базасы тізіміндегі журналдарда – 1 (33 процентиль). ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда – 3, Қазақстан Республикасында және шетелде ұйымдастырылған халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында – 1. Оқу-әдістемелік құрал – 1.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің тандауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия; 2) жок</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы</p>	<p>Докторант К.Б.Жанадилованың диссертациялық жұмысындағы әдіснамалық аппарат дәйектілік принципіне және дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігіне негізделген. Докторант диссертациялық жұмыстың әдістемелік және әдіснамалық негіздерін түзуде теория мен практиканың бірлігі, мазмұндық және әрекеттік, тұтастық және ғылымилық, қолжетімділік және демонстрациялау ұстанымдарын басшылыққа ала отырып, нақты жазылған.</p> <p>Диссертациялық жұмысты орындау барысында зерттеу нысаны ретінде жоғары оқу орнында болашақ</p>

		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>ҚР нормативтік-құқықтық құжаттарына, кәсіби-педагогикалық даярлау мәселелері бойынша шетелдік және отандық авторлардың педагогикалық әдебиеттеріне, сөздіктерге, анықтамаларға, энциклопедияларға, оқулықтарға, оқу-әдістемелік құралдарға, ҚР БЖҒМ Білім және Ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда және халықаралық конференциялар жинақтарында, гранттық жобаларда, диссертациялық зерттеу жұмыстарына материалдар сілтемелерімен расталған.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. 188 библиографиялық сипаттамадан және ғылыми, оқу, мерзімді, заңнамалық және нормативтік-құқықтық, статистикалық, электронды және басқа да дереккөздердің жеткілікті тізімін ұсынады.</p>
<p>9</p>	<p>Практикалық құндылық принципі</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ</p>	<p><i>Диссертацияның теориялық маңызы бар:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> - болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытудың теориялық-әдіснамалық тұрғыдан негізделді. - «Метақұзыреттілік», «болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігі» түсінігінің мәнін нақтыланып, құрылымы анықталған. - болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі дайындалған.
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытудың әдістемелік жүйесінің болашақ бастауыш сынып мамандарын даярлауда практикалық маңызы өте жоғары. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытудың әдістемесі: «Бастауыш білім беруде метақұзыреттілікті дамыту негіздері» атты элективті курс бағдарламасы, «Дағдылар кешені» оқу-әдістемелік құралы</p>

		<p>дайындалып, тәжірибелік-экспериментте сынақтап өткізіліп, ғылыми негізделген ұсыныстар дайындалған. Зерттеу жұмысы бойынша теориялық және әдістемелік тұжырымдар болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытуда қолданылуы мүмкіндігі жоғары.</p>
	<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңаболыптабылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Зерттеу жұмысы аясындағы практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады.</p> <p>1) ЖОО тәжірибесіне «Бастауыш білім беруде метақұзыреттілікті дамыту негіздері» атты элективті курс мазмұны енгізілсе деп қойылған ұсынысы толығымен жаңа;</p> <p>2) «Дағдылар кешені» оқу-әдістемелік құралы педагогтарға, болашақ педагог мамандарға ұсынылып, практикалық тұрғыдан жүзеге асырылса деген ұсынысы толығымен жаңа;</p> <p>3) тұлғаның метақұзыреттілігін дамытуға арналған жобалар, авторлық мектептердің жұмыстары жүргізілсе деген ұсынысы толығымен жаңа.</p>
10. Жазу және рәсімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.</p>	<p>Академиялық жазу түрі – диссертация. Академиялық жазу сапасы жоғары.</p> <p>Диссертацияның тілі мен стилі талаптарға сәйкес келеді. Диссертация мазмұнындағы негізгі ұғымдар, анықтамалар мен терминдер жүйесі жеткілікті түрде ұсынылған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес келеді.</p>

Шешім: 8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау (6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі) бағыты бойынша докторант Жанадилана Карапап Базаровнаға философия докторы (PhD) дәрежесі беру.

Ресми рецензент,
педагогика ғылымдарының кандидаты,

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің доценті

13.06.2022

Г.Е. Санай

